

КҮЗ-ҚЫС МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ, ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ БОЙЫНША ІСТЕРДІҢ БАРЫСЫ ТАЛДАНДЫ

Президент Шавкат Мирзияевтың басшылығында 26 сентябрь күні өңірлердегі мақта жинау науқаны, күзгі-қысқы маусымға дайындық жағдайы, инвестициялық және экспорттық көрсеткіштердің орындалу барысы, “Жасыл кеңістік” ұлттық жобасы аясындағы жұмыстарға арналған кеңейтілген кеңес өтті.

Жиналыста аумақтардағы мақта жинау қарқыны мен қордаланған өзекті мәселелер жан-жақты қаралды.

Биыл 875 мың гектар жерге шит себіліп, 3,7 миллион тонна өнім алуға келісімшарт жасалды. Терім жұмыстарына 900-ден астам техника жұмылдырылып, фермерлер жеңілдетілген мөлшерде жанар-жағармаймен, тынайтықшпен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, кейбір аумақтар жоспардан артта қалып отыр. Мәселен, Сұрхандария, Хорезм, Ферғана, Әндіжан облыстары жақсы нәтиже көрсетсе, Самарқанд, Сырдария және Науаидағы жағдай көңіл көншітпейді.

Президент аумақтарда қысқа мерзімде жедел штабтар құрып, өнімді сапалы жинауды қамтамасыз етіп, фермерлерді толғандырған мәселелерді жедел шешуді тапсырды. Жауаптыларға жиналған мақтаның есеп айырысу жұмыстарының дер кезінде жүргізілуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Жиналыста күзгі-қысқы мау-

сымға дайындық жағдайы да қаралды.

Республика бойынша 640 мектеп пен балабақшаның 125-інде әлі жөндеу жұмыстары аяқталмаған. 9,8 мың көпқабатты үйдің мыңға жуығы дайын емес. Жызақ пен Сұрхандариядағы қазандықтарды жөндеу жұмыстары да аяқталмаған.

Мемлекет басшысы бұл мәселелерді екі аптаның ішінде шешіп, қосалқы станцияларды, электр және су желілерін маусымға дайын күйге келтіру қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, бүгінде тұрғындарға 55 мың тонна жергілікті көмір жеткізілсе, оның 9 мың тоннасы шалғайдағы 381 ауылдарға жеткізілді. Тұрғындарға күзгі-қысқы маусымда қоймаларда бөлінбей қалған 27 мың тонна көмір мен 330 мың тонна сұйылтылған газды тұтынушыларға толық жеткізу тапсырылды. Газ және электр қуатын берудегі үзілістердің алдын алуға жауапты тұлғалардың жеке жауапкершілігі бар екені айтылды.

“Жасыл кеңістік” бағдарламасының жүзеге асырылу барысы

талқыланғанда биыл көктемде егілген 137 миллион түп көшеттің 27,5 миллионы қурап қалғаны сынға алынды. Себебі, көктем мен жаз арасындағы ыстық күндердің тез басталуына байланысты егілген көшеттердің өніп үлгермей, суды әдеттегіден 2-3 есе көп жұмсауға тура келеді.

Осы орайда күзде ағаш отырғызуды қарқындату қажет екені айтылды. Биыл күзде 125 миллион, көктемде тағы 75 миллион түп ағаш пен бұта отырғызу жоспарлануда. Суару жүйесі мен құрылыстары жоқ жерлерге көшет отырғызбау талап етілді.

Урбанизация үдерісінің үдеуі қалалар мен облыс орталықтарында жасыл желектердің деңгейін арттыруды талап етеді. Қалаларды “жасыл” стандарттарға сәйкес ғылыми негізде дамыту мақсатында ғалымдардың, урбанистердің, экологтардың қатысуымен Ташкент және Нөкіс қалаларының, сондай-ақ барлық облыс орталықтарының “жасыл” бас жоспарларын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Биылдың үшінші тоқсанының соңына қарай елімізге тартылған

шетелдік инвестиция көлемі 33,5 миллиард долларды құрайды деп күтілуде. Январь-август айларын да экспорт өткен жылмен салыстырғанда 31 пайызға артып, 23 миллиард долларды құрады.

Алайда инвестицияның өсімі барлық аумақтарда бірдей емес. Кейбір аумақтарда экспорт көрсеткіштері төмендеген. Президент жауаптылардан жыл соңына дейін 7,3 миллиард долларлық қосымша экспортты қамтамасыз ету, инвестиция тарту және жаңа базарларға шығу үшін нақты шаралар қабылдауды талап етті.

АҚШ штаттарымен ынтымақтастық орнату туралы шешім қабылданды. Әрбір облыс белгілі бір штатпен ынтымақтастық орнатып, жергілікті кәсіпкерлер мен шетелдік серіктестер арасындағы тікелей байланысты кеңейтуге көмектесуі керектігі айтылды. Жиналыс соңында мемлекет басшысы барлық сала бойынша алға қойылған міндеттерді уақтылы және толық орындау бойынша тапсырмалар берді.

ӨЗА

ӨКІЛЕТТІК БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 26 сентябрі күні Сенаттың Халықаралық қатынастар, сыртқы экономикалық байланыстар, шетелдік инвестициялар және туризм жөніндегі комитетінің кеңейтілген жиналысы өтті.

Сенаторлар Өзбекстанның Қырғызстандағы және Түркіменстандағы дипломатиялық өкілеттіктері басшыларының есептерін тыңдады.

Атап өткендей, елшіліктер екіжақты қарым-қатынастарды дамыту, жоғары деңгейдегі сапарлар аясында қабылданған “жол карталарын” жүзеге асыру, инвестиция тарту, ұлттық өнімдердің экспортын арттыру, шетелдік туристердің елімізге деген қызығушылығын арттыру, аймақаралық ынтымақтастықты кеңейту сынды бағыттар бойынша өз қызметін жүзеге асыруда.

Сонғы жылдары Орталық Азия бейбітшілік, тату көршілік, серіктестік және тұрақты даму аймағына айналғаны атап өтілді. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М.Мирзияев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясында аймақтық серіктестік және экономикалық қызметінің тиімділігін арттыру және туындаған мәселелерді шешу мақсатында мүдделі министрліктермен, кенселермен, әкімдіктермен және жергілікті мәслихаттармен ынтымақтастықты жандандыру, сондай-ақ тікелей байланыс орнату қажеттігі ерекше атап өтілді.

Жиналыстың қорытындысы бойынша Комитеттің тиісті шешімі қабылданды.

Тыңдауда көршілес елдермен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, сауда-экономикалық, ынтымақтастық, көлік-логистика, туризм, мәдени байланыстарды дамыту мәселелеріне басымдық берілгені баса айтылды.

Дипломатиялық өкілеттіктер қызметінің тиімділігін арттыру және туындаған мәселелерді шешу мақсатында мүдделі министрліктермен, кенселермен, әкімдіктермен және жергілікті мәслихаттармен ынтымақтастықты жандандыру, сондай-ақ тікелей байланыс орнату қажеттігі ерекше атап өтілді.

Жиналыстың қорытындысы бойынша Комитеттің тиісті шешімі қабылданды.

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Олий Мажлис Сенаты жанындағы Жастар Парламентінің мүшелері Германияның Солтүстік Рейн-Вестфалияда жұмыс істейтін “Junge Union NRW” жастар ұйымының өкілдерімен онлайн кездесу өткізді.

“Junge Union NRW” Германиядағы ең ірі жастар ұйымдарының бірі. Бүгінде оның 23 мыңнан астам мүшесі бар, оның негізгі қызметі жастардың саяси белсенділігін арттыруға, халықаралық байланыстарды нығайтуға және тың бас-тамаларды ілгерілетуге бағытталған.

Кездесу барысында жастардың саяси үдерістерге қатысуы, олардың халықаралық аренаға белсене араласуы үлкен мәнге ие екені баса айтылды. Атап айтқанда, Жастар Парламентінің төрайымы Лай-

ло Аслонова өзбек жастары үшін халықаралық тәжірибені зерделеу, бірлескен бастамалар арқылы олардың ой-өрісін кеңейту, жаңа мүмкіндіктер туғызу маңыздылығын атап өтті. Тараптар жастар алмасу бағдарламаларын, инновациялық бастамаларды, жастардың азаматтық санасын дамытуға бағытталған бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыруға келісті.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

“Отан үшін, ұлт үшін, халық үшін!”

АУЫЛДАРДА ДА КӘСІПКЕРЛЕР КӨБЕЮДЕ

Қарақалпақстан Республикасы Қараөзек ауданындағы “Мәдениет” ААЖ ауданындағы ең ірі елді мекендердің бірі, бүгінде бұл жерде 1 296 отбасында 6 600-ден астам халық бейбіт өмір сүруде.

Өңірде 3 жалпы орта білім беретін мектеп, 2 мемлекеттік, 3 жекеменшік мектепке дейінгі білім беру мекемесі, №21 отбасылық емхана, №20 “Жұлдызша” Мәдениет орталығы орналасқан.

Жиын тұрғындары негізінен егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысады. Дегенмен, сонғы жылдары еліміздің барлық өңірлерінде болғандай, бұл елді мекенде де кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны артып келеді. Негізінен қызылша егіп, оның тамырын қайта өңдеуге және оларды экспорттауға маманданған “Қараөзек Агро” жауапкершілігі шектеулі қоғамы осындай кәсіпорындардың бірі болып табылады.

— Біздің қоғам 275 гектар жер аумағына ие, — дейді осы кәсіпорынның іс жүргізушісі Нұрнияз Юсупов.

Биыл Оңтүстік Кореяға 120 тонна қызылмия тамырын жеткізу бойынша өзара келісімшарт жасанғаны және қазіргі күндері келісімшартты орындау мақсатында, қызу жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстарға 15-тен астам жұмысшы қатысуда. Сонымен қатар, дәл қазір 30 гектар жерге қызылша көкөнісін егу үшін жерлерді дайындап жатырмыз.

— Міне, алты жылдан бері осы кәсіпорында жұмыс істеймін, — дейді жергілікті тұрғын Сапура Хожаназарова. — Күніне 8 сағат жұмыс істеп, үйге қайтамыз. Айлықтарымыз да уақытылы беріліп жатыр. Бұл үшін кәсіпорын басшыларына рақмет айтамын.

Сондай-ақ, осы жиын аумағында жұмыс істеп жатқан халыққа қызмет көрсететін “Замира тігінші” және “Шегебай ата” қоғамдары да осындай кәсіпкерлік

субъектілері болып табылады. — Қазір қоғамымызда 5 әйел жұмыс істейді, — дейді осы қоғамның басшысы Замира Рамбергенова. — Кәсіпорнымызда негізінен әйелдер киімдері тігіледі. Сонымен қатар, қоғамымызда үйінде бос отырған және тігіншілікке қызығушылығы бар әйелдерді киім тігуге үйретіп жатырмыз.

— Аумағымызда халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, жастарды кәсіпкерлікке тарту бойынша көптеген жұмыстар жүзеге асырылуда, — дейді “Мәдениет” ААЖ-да әкім көмекшісі Зийуар Жақсымова.

— Атап айтқанда, Биылғы жылдың өзінде 63 адамға 639 миллион сумдық жеңілдетілген несие берілді. 154 адамға өзін-өзі жұмыспен қамту мақсатында 113 гектар егістік жер бөлініп берілді. Наманган облысының қамқорлығымен 60 үйдің шатыры шифермен жабылды. 2024 жылы “Ашық бюджет” порталының қаражаты есебінен 1,5 километр, биыл 4,5 километр қашықтықтағы жолдар асфальтталды. Болашағымыз болған жас ұрпақтың заман талабына сай білім-тәрбие алуы үшін 120 орындық №3 мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жаңа ғимараты бой көтеруде. Бұл, әрине өңіріміз тұрғындарының көңілін көтеріп, олардың ертенгі күнге деген сенімін нығайтуда.

Шын мәнінде, “Отан үшін, ұлт үшін, халық үшін!” деген идеяны өздеріне ұран етіп алған “Мәдениет” елді мекенінің тұрғындары Өзбекстан Республикасы Тәуелсіздігінің 34 жылдық мерекесін көтеріңкі көңіл күйде күтіп алды.

(Өз тілшімізден.)

Дөңгелек үстел сұхбаты

ЖОЛДАУДАҒЫ МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігінде 2025 жылғы 8 сентябрьдегі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына арналған дөңгелек үстел сұхбаты өтті.

Оған Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Дило-ром Файзиева, Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық және аймақаралық зерттеулер институты директорының бірінші орынбасары Ақрамжон Нейматов, Өзбекстанның Стратегиялық реформалар агенттігі директорының орынбасары Абдулла Абдукодиоров, Республи-калық қоғамдық пікірді зерттеу орталығының директоры Нигина Рахимова, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтының аға ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты Равшан Назаров, басқалар қатысты.

Дөңгелек үстел сұхбатында Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Бейбіт Атамқұлов шара-ны кіріссөзбен ашып беріп, қатысушыларды шынайы құттықтады. Елші мырза өз баяндамасында Қазақстан Республикасының Пре-зиденті Қасым-Жомарт Токаевтың “Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті



мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу” атты Қазақстан халқына Жолдауының мән-мазмұны туралы шара қатысушыларына толық мағлұмат берді.

Сонымен қатар, ол өз сөзінде көпшіліктің назарын Жолдауда елдің даму стратегиясының жаңа кезеңдері, соның ішінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру, цифрландыруды жеделдету және саяси жүйені жаңғырту мәселелері қамтылғанына аударды.

Шарада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауы — қоғамды елдің негізгі даму мақсаттары төңірегіне бірік-

тіретін маңызды мемлекеттік дәстүр екені, бұл Жолдаулар болашаққа бағыт-бағдар беріп қана қоймай, билік пен қоғам арасындағы ашық диалогты қалыптастыратыны айтылды.

Жолдауда Қазақстан Пре-зидентінің экономиканы

әртараптандыру, жаңа тех-нологияларды енгізу, әлеуметтік салаларды дамыту мен азаматтардың әлауқатын арттыруға бағытталған басым міндеттер айқындалғаны, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мен мемлекеттік институттардың тиімділігін арттырудың маңыздылығына тоқталғаны тілге тиек етілді.

Шарада сөз сөйлегендер Жолдауда қамтылған бағдарламалар құбылмалы әлемнің сын-қатерлеріне жауап беретінін, экономика мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайтып, жаһандық үрдістерді де қамтитынын айтты.

Ұлтаралық татулық

“БІР ХАЛЫҚ – БІР ОТАН – БІР ТАҒДЫР”

Жуырда Өзбекстандағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Халық дипломатиясы орталығымен ынтымақтастықта жергілікті және ШЫҒ мемлекеттері БАҚ өкілдерінің қатысуымен Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері бойынша комитеті жанындағы Ұлттық мәдени орталықтар павильонына прес-тур ұйымдастырылды.



Алдымен Өзбекстан Республикасының Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері бойынша комитетінің ғимаратында “Өзбекстан – біріміз үшін біртұтас Отан” тақырыбында дөңгелек үстел сұхбаты ұйымдастырылды. Шараға Комитеттің басшылығы, ұлттық мәдени орталықтардың төрағалары, достық қоғамдарының жетекшілері қатысты.

Онда аталған комитеттің төрағасы Қ.Сариев сөз сөйлеп, ұлтаралық татулық, бауырмалдық мәселелеріне, өскелең ұрпақты Отанға адалдық рухында тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды. Шара аясында Өзбек-

стан Республикасының Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері бойынша комитетінің және Өзбекстан Көркемөнер академиясының ынтымақтастығында “Бір халық — бір Отан — бір тағдыр” тақырыбында фотокөрме ұйымдастырылды. Шараға 100-ге жуық қатысушы, соның ішінде ұлттық мәдени орталықтардың, достық қоғамдарының, туысқан қалалар альянсы және өнер саласының өкілдері қатысты.

Көрме барысында Ұлттық мәдени орталықтар павильонының сахнасы мен барлық достық үйлерінің алдына Өзбекстандағы

түрлі ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін фотосуреттер қойылды. Халқымыздың ұлттық мұрасын, тарихын, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін әрбір фотосурет қатысушылардың жүре-гінде мақтанш сезімін, бірлік рухын оятты.

Пресс-турда журналистер мен қонақтарға түрлі ұлттардың фотосуреттерінен, тұрмыстық бұйымдарынан, өнер туындыларынан, музыкалық аспаптарынан тұратын және салт-дәстүрін бейнелейтін басқа да экспонаттарынан құралған 22 ұлттың ерекше сәулесін бейнелеген — қазақ, қырғыз, түрікмен және башқұрт халықтарының отаулары, сондай-ақ корей, белорус, грек, украин, армян, татар, тағы басқа да ұлттардың екі қабаттан тұратын достық үйлері көрсетілді. Достық үйлерінің әрқайсысымен жақын танысу барысында түрлі ұлт өкілдерінің ерекшелігін айқындайтын өнер көріністері де ұсынылды.

Фотокөрмені тамашалаған қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, туындылармен жақын танысып, ұлтаралық достық пен мәдени ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады. Фотосуреттерді Өзбекстан Көркемөнер академиясының сарапшылары бағалады, шараның қорытынды бөлімінде жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

Арухан ОСПАҢҚЫЗЫ

Жасампаздық

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР

Гүлстан қаласындағы “Наурыз” сарайында құрылыс саласы қызметкерлеріне арналған салтанатты шара өтті. Бұл күн ел болашағын өз қолымен құрып жатқан жандардың қажырлы еңбегін мойындаудың рәмізі.

Құрылысшы — тек мамандық ғана емес, ол — халық өмірінің әр сәтіне қатысатын маңызды кәсіп. Әрбір үйдің қабырғасында, әрбір жолдың бетінде, әрбір мектеп пен аурухананың әр бөлмесінде инженерлердің, сәулетшілердің, дизайнерлердің және құрылысшылардың қажырлы еңбегі бар. Жылы, мерекелік атмосферада өткен шарада туған әлкеміздің болашағына берік іргетас қалап жүрген барлық мамандарға алғыс сөз айтылды.

Баяндамашылардың айтуынша, құрылыс тек кірпіш пен бетон ғана емес. Бұл адам тағдыры, халықтың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік әлауқат және елдің келбеті. Өзбекстан Республикасы Президентінің бастамасымен қолға алынған реформалар құрылыс саласын белсенді даму мен жаңғыру кезеңіне шығарды.

Сырдария жыл санап жаңарып, дамып келе жатқан өңір. Соңғы жылдары аудан нағыз құрылыс алаңына айналды. Тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, инженерлік инфрақұрылымдар көлемі жыл сайын артып келеді. Бұл халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және қолайлы өмір сүру ортасын жасау бойынша мемлекеттік стратегияның бір бөлігі.

2025 жылы Сырдария облысында жалпы құны 1,7 триллион сумды құрайтын 810 ірі жоба жүзеге асырылмақ. Бұл рекордтық инвестиция өңірді дамытуға бағытталған. Биыл 40 денсаулық сақтау нысанында, 48 балабақшада, 58 мектепте құрылыс, қайта құру және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар 124 көпқабатты тұрғын үй салынуда, сумен жабдықтау (17 нысан), мелиорация және ирригация (10 нысан), энергиямен жабдықтау (4 нысан), жол инфрақұрылымы (454 нысан) және мәдениет пен спорт нысандары (55 нысан) белсенді түрде игерілуде. Сырдария облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Дилшод Рузматов атап өткендей, “Янги Узбекистон” тұрғын үй массивтерінде және тұрғын үйге сураныс жоғары аудандарда биыл 3100 пәтерлік көпқабатты үйлер кезең-кезеңімен салынады. Бұл жобалар қаланың келбетін өзгертеді, мыңдаған отбасының тұрмысын жақсартады.

Мерекелік шарада сала ардагерлері мен жас мамандар, өз ісінің шеберлері марапатталды. Олар облыс әкімдігінің алғыс хаттары мен естелік сыйлықтарына ие болды. Бұл құрмет — олардың



жанқиярлық еңбегі, кәсіби адалдығы және өңірдің дамуына қосқан үлесінің лайықты бағасы. Көптеген қатысушылар соңғы жылдары іске асырылған маңызды жобалардың қатысушылары. Олардың қолымен тұрғын үйлер ғана емес, мектептер, емдеу мекемелері, спорт кешендері және тұрақты инфрақұрылымдар салынды. Құрылысшы Абдурашид аға өз ойымен бөлісті: “Мектеп салғанда немерелерім осын-да оқиды, осы қабырғалар жана ұрпаққа білім мен күш-қуат бер-реді деп ойлаймын”.

Құрылысшылар күні әрқашан ерекше мәнге толы. Бұл күнтізбедегі жай ғана күн емес, қалаларды, үйлерді, көпірлерді, тұтас инфрақұрылымдарды салған адамдарға құрмет көрсету күні. Жасампаздық, еңбек және шынайы кәсіби құмарлық мере-кесі. Құрылысшылар — сызба-ларды шындыққа айналдырып,

жайлылық пен тұрақтылық орнататын, қоғамның дамуын қамтамасыз ететін адамдар. Олардың еңбегі тек физиологиялық күшті ғана емес, дәлдікті, білімділікті, жауапкершілікті қажет етеді.

Шара сонында облыстың үздік ұжымдары қатысқан мерекелік концерт ұйымдастырылды. Әндер, билер, шынайы алғыс сөздер нағыз ұлттық мерекенің рухын тудырды. Бүгінде Өзбекстан заманауи, жайлы және қауіпсіз елге айналып жатқанда, есте сақтау маңызды: әрбір жаңғыртылған нысанның бет-бейнесі құрылысшының еңбегін көрсетеді. Олардың қажырлы еңбегі мен адалдығы елдің жар-қын болашағына арналған се-німді іргетас.

Айдана МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

Жастар шығармашылығы

АРМАНДАРДЫ ЖОБАЛАУДЫҢ СӘТІ ТҮСТІ

Оқуға түсу — бұл жастардың болашаққа қойған бастапқы қадамы. Бұл жай ғана диплом алу деген сөз емес, бойдағы қабілетті жүзеге шығару, кәсіпқой саладағы өз орнын табу және жетістікке қол жеткізу. Бұл орайда Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің “Инженерлік және компьютер графикасы” кафедрасы жастарға өз бағытында күшті орта әзірлейді.

Мұнда жастар шығармашылығын технологиялармен біріктіреді. Өзінің идеяларын қолмен сызудан бастап, “AutoCAD”, “SolidWorks” және “3ds Max” сияқты кәсіби деңгейдегі бағдарламаларда үш өлшемді модельге айналдыруды үйренеді. Іс жүзіндік тәжірибе жинақтайды. Яғни тек теориямен ғана шектеліп қалмай, студенттер практика барысында шынайы жобаларға қатысады және оқуды аяқтамай тұрып, шын мәніндегі жұмыс тәжірибесіне ие болады.

Инженерлік графикасы жай оқытушылық мамандығы үшін емес, мұндағы білім студенттерге архитектор, дизайнер, құрылыс инженері және IT мамандығы сынды ең озық және талап жоғары болған сала-ларда жұмыс істеуге есік ашады.

Ал ата-аналарға айтарымыз, перзенттерінің жоғары оқу орнына түсуі бәрі үшін қуаныш. Бұл орта баланың болашағы үшін сенімді және кепілді білім беру мекемесін таңдауға мүмкіндік береді. Яғни “Инженерлік және компьютер графикасы” кафедрасы біркатар артықшылықтарды ұсынады. Кафедра кәсіпқой профессор-оқытушылармен қамтамасыз етіліп, олар жастарға біліммен қоса заманалық өнбек базарында бәсекеге қабілетті болуы үшін іс жүзіндік дағдыларды үйретеді. Мұнда алынған білім және заманалық бағдарламалармен жұмыс істеу дағдылары бүгінде ең сураныс жоғары болған технология, дизайн және инженерлік

салаларда жоғары өнбек-ақылы жұмыстарға жол ашады.

Сонымен қатар мұнда студенттерді тек оқу үдерісіне ғана емес, ғылыми жобалар, олимпиадалар мен халықаралық байқауларға да жұмылдырылады. Бұл жастардың жеке дамуына және өзіне деген сенімін нығайтуға септігін тигізеді.

Бір сөзбен айтқанда, жастардың жарқын болашағы заманалық білім мен тәжірибеден басталады.

Б.КОКИЕВ,
ШМПУ Инженерлік және компьютерлік графикасы кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдары бойынша философия докторы, доцент.

Заманалық технологиялар

БІЛІКТІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ

Қаншама жас буын өкілі болашақта қай саланы таңдауды білмейді. Кейбір жастар мектеп партасында отырып-ақ өзінің болашағын көз алдына келтіреді. Әдемі ғимараттарды жобалау, жоғары технологиялы механизмдерді жасау немесе бейне ойындары үшін кейіпкерлерді сызу, тағы басқалар. Егер сіздің де осы сынды армандарыңыз болса, біздің Инженерлік және компьютерлік графикасы кафедрamızда мүмкіндіктер жоғары. Мұнда өзінің болашағын өзі жобалай білетін шығармашыл инженер және дизайнерлер тағайындалады.

Сен мұнда не үйренесің? Оқу үдерісі тек кітаппен ғана шектеліп қалмай, заманалық бағдарламалар мен инновациялық технологиялармен оқытылады.

Технология мен шығармашылдықты біріктіру: Қолыңдағы қаламмен қарапайым сызбаларды сызудан тыс, оларды компьютерде жандандыруды үйренесің. Сенің идеяларын цифрлы әлемде дамып отырады.

Дизайн сырын үйрену: Мұнда жастарға интерьер мен экстерьер дизайнның негізгі ережелері үйретіледі. Сен мұнда қарапайым бөлмені өнер туындысына айналдыруына, ландшафт дизайн заңдылықтарын түсінуін және мебельдерді жобалауды үйренуіне болады. Мұндай білім тек жұмыста ғана емес, күнделікті өмірде де қажет болады.

Виртуалды әлемге саяхат: Біздің кафедра заманалық технологияларды оқу үдерісіне енгізуді әрі қарай жалғастыруда. Виртуал (VR) және толықтырылған реал (AR) технологияларының көмегімен сабақтар қызықты әрі тиімді өтіледі. Өзің жасаған жобаның ішіне еніп, оның барлық бұрыштарын көруіне болады. Бұл — шынайы болашақ.

Кафедраның өзіндік ерекшелігі мынада, яғни практика мен шынайы тәжірибе

жинақтау үшін студенттер оқу үдерісінде түрлі жобалау институттары мен дизайн студияларында практикасын өтейді. Сен жай ғана студент емес, кәсіпқой маман ретінде де практикадан шығасың. Ал ғылым-білім мен шығармашылықта профессор-оқытушыларымыз саған тек мәліметтер берумен шектелмей, ғылыми ізденістер мен шығармашылық жобаларға белсенді түрде жұмылдырып отырады. Сен өз идеяларыңды ғылыми жоба ретінде қорғап, олимпиадалар мен байқауларға қатысуың мүмкін.

Мұнда өз болашағыңды жасауда бітірушілер бүгінде талап жоғары болған салаларда, яғни жобалау институттарында, архитектуралық бюроларда, дизайн студияларында, оқу мекемелерінде, тіпті IT компанияларында табысты жұмыс жүргізіп келеді. Егер сен де технологияға, шығармашылық пен анық пәндерге қызығып, өз идеяларыңды жүзеге шығаруды қаласаң, біздің оқу орнымыз ең дұрыс шешім. Жоғарыдай айтқандай, мұнда білім мен дағдыға, бастысы, өзіне деген сенімге ие боласың.

Ж.ТУХТАЕВ,
ШМПУ Инженерлік және компьютерлік графикасы кафедрасының магистранты.

ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІ АРТУДА

Пахтакор ауданында қарбыз және қауын өсіру шаруашылығын дамыту бойынша “Мирзачол-Агро Стар” жауапкершілігі шектеулі қоғамы іске қосылды.

2025 жылдың 14 февралінде Өзбекстан Республикасы Президентінің “Uzagrostar” холдинг компаниясының қызметін ұйымдастыру туралы қаулысына сәйкес, Жызақ облысында қарбыз және қауын өсіруге мамандандырылған “Мирзачул-Агро Стар” жауапкершілігі шектеулі қоғамы құрылды.

Қоғам қызметі Мырзашөл, Мырзабад, Сардоба, Ақалтын, Ховос, Көкдала, Янгибазар және Гурлан аудандарын қамтиды. Пахтакор ауданындағы М-39

жолының бойында осы мамандандырылған компанияның қызметі орталығы құрылды. Зертхана, балабақша, оқу орталығы, кеңсе ғимараты бар. Жобаға Түркия мен Еуропадан білікті сарапшылар тартылады. Бұл жоба фермерлер мен дикандарға экспортқа бағытталған өнім өндіруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және суды үнемдеу жүйесін енгізуге көмектесуге бағытталған.

Шараға Жызақ облысы әкімінің бірінші орынбаса-

ры Зафар Азимов, “Узмил-лайбанк” АҚ жауапты қызметкерлері, Агробілім және инновациялық орталығының ғалымдары қатысты.

Кездесуде қауын-қарбыз өнімдерін өсіру, сақтау мен өңдеу және жеткізу тізбегін қамтитын заманауи агроөнеркәсіп кешенін салу мәселелері талқыланды. Бұл бастама жергілікті дикандардың қызметін қолдап қана қоймай, өзбек жеміс-жидектерінің экспорттық әлеуетін арттырады.

Өнімділік, ғылым, инновация және кооперация, ауыл шаруашылығын дамытудың негіздері болады.

Рүстем ТӨЛЕНОВ,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ ӨТТІ

Лондонда өтіп жатқан “World Halal Food Festival” аясында өзбек ұлттық тағамдарын дайындау бойынша шеберлік сабағы ұйымдастырылды.

Шеберлік сабағы еліміздің елшілігімен, Өзбекстанн Фыбританиядағы туризм елшісі Софи Ибботсон және “Oshpaz” — өзбек ұлттық тағамдарының брендімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Фестиваль қатысушылары мен қонақтарына өзбек асханасының негізгі тағамдары — палау, самса, манти, сондай-ақ түрлі тәттілер ұсынылды.

Шара барысында қонақтар тағамдардан

дәм татып қана қоймай, оларды дайындау үдерісіне де қатысты. Шеберлік сабағы өзбек халқына тән қонақжайлылық пен жоғары аспаздық дәстүрлерді жарқын көрсетуге мүмкіндік берді.

Фестиваль қонақтары өзбек асханасына үлкен қызығушылық танытып, өзбек ұлттық тағамдарын жоғары бағалады. Шара Өзбекстанның бай мәдени мұрасын және гастрономиялық туризмді насихаттауда да маңызды рөл атқарды.

“Дуне” АА,
Лондон қаласы.

Бақытты болашақтың бастауы

ТАҒДЫР ТОҒЫСҚАН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ



Қазіргі қоғам — терең өзгерістер мен жаңа ізденістер дәуірінде. Еліміз дамуының басты тірегі — мықты мемлекет болса, сол мемлекеттің іргетасы — берік отбасы. Әрбір жанұя — Отанымыздың берекесі, елдігіміздің айнасы. Осы ұлы ұстанымды өмірлік ұранға айналдырған елімізде соңғы жылдары отбасы институтын нығайту, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, жас ұрпақты ұлттық тәрбие рухында тәрбиелеу, неке-отбасы қатынастарын құқықтық және рухани тұрғыда реттеу бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет бұл салада тек нормативтік-құқықтық құжаттармен шектеліп қалмай, қоғам санасына серпін беретін рухани-ағартушылық қозғалысқа айналдырып отыр.

Ажырасу деңгейін азайту, тұрмыстық келіспеушіліктердің алдын алу, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін күшейту, рухани үйлесімділік пен өзара құрметке негізделген жанұялық мәдениетті қалыптастыру —

мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде күн тәртібінде тұр.

Соның жарқын дәлелі ретінде жуырда Бөке ауданындағы “Нуронилар маскани” рухани-ағартушылық кешенінде өткен “Мыз-

ғымас отбасы — еліміздің тірегі” атты ауқымды насихаттық іс-шараны айтуға болады.

Шара Орташыршық ауданаралық сотымен тығыз ынтымақтас-тық аясында, отбасылар арасындағы келіспеушіліктердің алдын алу және ажырасу жағдайын азайтуға бағытталған профилактикалық бағдарлама негізінде ұйымдастырылды.

Оған аудандық Отбасы және әйелдер істері бөлімінің басшылары, имам-хатибтер, психологтар мен қоғам белсенділері қатысты. Барлығы да бір мақсат — шанырағы шайқалғалы тұрған отбасыларды татуластырып, бала болашағы үшін ата-ананы ортақ жауапкершілікке шақыру. Кездесуге ажырасу шегінде тұрған 12 отбасы арнайы шақырылды. Олармен жеке-жеке сұхбат жүргізілді, кәсіби психологтар мен имамдар, рухани тұлғалар жан-жақты кеңес берді. Әр отбасымен жеке жұмыс жүргізіліп, жүрекке жылы сөздер айтылды, кешірімділік пен сабыр, түсіністік пен сенім туралы терең ойлар қозғалды.

Нәтижеде 12 отбасынан 7 жаңа қайта табысып, жарасты. Ал 10 бала — ата-анасының құшағына қайта оралып, жүрегі шаттыққа толды.

Шарада сөз алған дін өкілдері мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуші психологтар, құқық қорғау саласының мамандары отбасы — Алланың аманаты, қоғамның тынысы, ұрпақтың тірегі екенін ерекше атап өтті. Отбасында орын алған уақытша қиындықтарды сабырмен, түсіністікпен өңсеру — кемелділіктің көрінісі екенін жеткізді.

Отбасылық татулық — бала тағдыры, ұрпақ тәрбиесі, ұлт болашағына тікелей әсер ететін

маңызды құндылық. Сондықтан мұндай рухани-тәлімдік кездесу-лердің мәні терең, берері мол.

Иә, әрбір ұлттың ұлылығы — оның отбасына деген көзқарасы-нан көрінеді. Өйткені берік отбасы — бейбіт өмірдің, тұрақты қоғамның және кемел болашақтың кепілі. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен дүниетанымында жа-нұя ұғымы ерекше орын алады. Отбасы — тәрбие бесігі, рухани-ят мектебі, ұлттық құндылықтар-дың алғашқы ұясы.

“Мызғымас отбасы — еліміздің тірегі” атты тағылымды шара осы ұлы ұғымның бүгінгі нақты көрінісі. Бұл шара — тағдыр таразысында тұрған адамдардың үмітін қайта жаққан, болашағына сенім сыйлаған, жүректерді табыстырған шынайы өмірлік сабақ.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан отбасын қолдау, ажырасудың алдын алу, ұрпақ тәрбиесін күшейту, әйелдердің құқығын қорғау бағытындағы саясат — еліміздің жан дүниесіне бағытталған рухани жаңғырудың маңызды бөлігі. Сол саясаттың шынайы жемісін біз осындай жанды кездесулерден, нақты нәтижелерден көреміз.

Мұндай бастамалар жалғасын тапса, біз мықты мемлекетті ғана емес, сонымен қатар бақытты ұлтты, саналы ұрпақты, рухани биік қоғамды бірге қалыптастырамыз. Өйткені отбасы — адамзаттың басты байлығы, еліміздің басты құндылығы. Ал сол байлықты сақтап қалу — әр азаматтың, әр мекеменің, әр жүректің ортақ борышы.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Тәрбие

БАСТАУЫШ БІЛІМ – БОЛАШАҚҚА ҚАЛАНҒАН ІРГЕТАС

Балаға білім мен тәрбие берудің алғашқы баспалдағы — бастауыш мектеп. Бұл кезеңде әрбір оқушының бойына оқу дағдылары ғана емес, адамгершілік, жауапкершілік, еңбекқорлық сияқты қасиеттер де дарытылады.

Бастауыш білімнің басты ерекшелігі — баланың жеке қабілетін ашу. Мұғалім әр оқушыға қолдау көрсетіп, оның қызығушылығын жетілдірсе, бала өзіне сенімді болып өседі. Ойын элементтері, шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыстар — осының бәрі кіші жастағы балалардың білімге деген ынтасын арттырады.

Қазіргі заманда бастауыш білім тек әрпн танытып, есеп шығарумен шектелмейді. Ол — баланың ойлауын, қиялын, қарым-қатынасын, өз ойын еркін жеткізуін дамытуға бағытталған. Ақпараттық технологияларды қолдану, жаңа әдістемелерді енгізу — білім сапасын көтерудің маңызды тетігі.

Сондықтан бастауыш мектеп — болашақ азаматтын тұлғалық қалыптасуының берік іргетасы. Бала жүрегіне білімнің ғана емес, мәйірім мен парасаттың дәнін егу — ұстаздың ең басты міндеті.

Фариддун ОЧИЛОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы.

Инженерлік және дизайн әлеміне алғашқы қадам:

ИНЖЕНЕРЛІК ГРАФИКА ҒЫЛЫМЫ СІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Мектепте математиканы оқып жүрген кезіңізде “Бұл білімді өмірде қашан қолданамыз?” деп өзіңізге сұрақ қойғансыз ба? Ал Инженерлік графика ғылымымен танысқанда бұл сұраққа жауап таба аласыз.

Біздің “Инженерия және компьютерлік графика” кафедрасында оқытылатын пәндер тек теориялық білім емес, нақты өмірде, болашақ мамандықтарыңызда көмектесетін практикалық дағдылар болып табылады.

Бұл пәндер сізге нені үйретеді? Инженерлік графика пәні, ең алдымен, сіздің ғарыштақ қиялыңызды дамытуға бағытталған. Бұл кез келген инженер, дизайнер, сәулетші немесе құрылысшы үшін негізгі талап болып табылатын маңызды шеберлік.

1. Сызу (геометрия және сызу геометриясы): Ол не үшін қажет? Бұл барлық инженерлік пәндердің “әліпбиі” саналады. Бұл пәнде сіз үш өлшемді нысандарды жазықтықта бейнелеуді үйренесіз. Мысалы, қарапайым орындықты, машинаның бөлігін немесе күрделі механизмді қағазға оның өлшемдері мен пішінін дәл көрсете отырып салуды үйренесіз. Бұл білім сіздің миыңызда үш өлшемді объектілерді елестету қабілетін дамытады.

2. Инженерлік графика: Ол не үшін қажет? Бұл пән сызудың дәйекті жалғасы. Мұнда сіз құрылыс, машинажасау және басқа да салаларға арналған сызбаларды дұрыс оқуды және жасауды үйренесіз. Бұл шет тілін үйрену сияқты: әрбір жолақ, әр таңба және әр санының өзіндік мәні бар. Осының бәрін игеріп, сіз құрылыс жоспарларын, механизмдердің жұмыс сызбаларын оңай түсініп, олармен жұмыс жасай аласыз.

3. Компьютерлік графика (AutoCAD, 3ds Max, SolidWorks): Ол не үшін қажет? Бұл пәндердің ең қызықты және заманауи бөлігі. Қолмен сурет салумен қатар, сіз өз идеяларыңызды компьютерде жасауды үйренесіз.

AutoCAD — бұл инженерлік жобаларға арналған әмбебап бағдарлама. Ол ғимараттарды, автокөлік бөлшектерін немесе кез келген басқа нысанды екі өлшемде салуға мүмкіндік береді.

SolidWorks — үш өлшемді модельдеуге арналған бағдарлама. Оның көмегімен сіз өз идеяларыңызды виртуалды әлемде үш өлшемді модельдерге айналдыра аласыз.

3ds Max — бұл анимацияға, визуализацияға және дизайнға арналған бағдарлама. Егер сізді сәулеттік визуализация немесе интерьер дизайн-ны қызықтырса, бұл бағдарлама сіз үшін.

Келешекте бұл сізге қалай көмектеседі? Осы пәнді игеріп, сіз жай ғана “сызу пәнінің мұғалімі” болмай, ең сұраныс үлкен салада жұмыс істей алатын маман боласыз. Сіз жобалау институттарында, құрылыс компанияларында, жиһаз шығаратын кәсіпорындарда жетістікке жете аласыз, тіпті өзіңіздің дизайн студияңызды аша аласыз.

Бұл пәндер сіздің шығармашылық қабілетіңізді технологиямен байланыстыратын көпір екенін ұмытпаңыз. Олар сізге білім ғана емес, сонымен қатар ойлау, жобалау және жасау қабілетін береді.

Болашақ табыстарыңызды бүгіннен бастап жобалаңыз!

Құдрат БЕКҚУЛОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің “Инженерлік және компьютерлік графика” кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының философия докторы.

Балаға бағдар беру

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі білім беру жүйесінде оқушының қабілетін, ой-өрісін, мінез-құлқын терең тану — ұстаз бен психологтың басты міндеті. Өсіресе бастауыш мектеп кезеңі — баланың тұлғалық дамуы мен танымдық қабілетінің қалыптасуындағы шешуші кезең.

Психологиялық-педагогикалық диагностика — бұл баланың ішкі мүмкіндіктерін айқындап, оның оқуындағы жетістіктері мен қиындықтарын дер кезінде байқауға көмектесетін маңызды құрал. Мұндай диагностика арқылы оқушының есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттері, зейіні мен қиялы зерттеледі.

Ерекшелігі сол — бастауыш сыныптағы балалардың психикасы әлі толық тұрақталмаған, олар ойын арқылы да, іс-әрекет арқылы да дамиды. Сондықтан диагностика әдістері де баланың жасына лайық, қызықты әрі түсінікті болуы шарт. Сауалнама, ойындық тапсырма, сурет салу, әңгімелесу — осылар-

Ақпараттық технология

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ

Бұл мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) негізінде болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің кәсіби дайындығын жетілдіру қажеттігі, оның теориялық-әдістемелік негіздері мен практикалық аспектілері қарастырылады.

Сыртқы білім беруде оқитын студенттердің оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру, олардың меңгеру деңгейін арттыру, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану мәселелері талданады. Мақалада білім беру мазмұнын байыту, өз бетінше білім алуды ынталандыру, интербелсенді орта құру үшін АКТ құралдарын қолдану арқылы кәсіби мамандарды даярлау сапасын арттыру бойынша тәжірибе мен ұсыныстар берілген.

Заманауи білім беру жүйесінің дамуы ақпараттық-коммуникация-

лық технологияларды кеңінен енгізумен тығыз байланысты. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби дайындығын қамтамасыз етуде АКТ мүмкіндіктерін толық пайдалану қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Сыртқы білім беруде оқитын студенттердің оқу қызметін тиімді ұйымдастыруда АКТ-ға негізделген тәсілдер ерекше маңызды. Бұл мақалада болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби дайындығын арттырудағы АКТ құралдарының рөлі, олардың оқу-тәрбие үдерісіндегі орны мен тиімділігі

ғылыми-педагогикалық негізде талданады.

Сыртқы білім беру түрінде оқитын студенттердің толық қатысуы шектеулі болғандықтан, қашықтан оқыту технологиялары, бейнесабақтар, электрондық оқыту ресурстары, мобильді қосымшалар арқылы интербелсенді оқыту ортасын құру маңызды. Қашықтан оқытудың АКТ негізіндегі жеке тәсілдер студенттің меңгеру деңгейін жоғарылатып, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Тәртіптік, модульдік және құзиреттілікке негізделген әдіс негізінде әзірленген білім беру мазмұнын АКТ қолдану арқылы келесі жолдармен тиімді ұйымдастыруға болады:

- Электронды платформаларға сабақ материалдарын орналастыру (Moodle, Google Classroom, Teams);
- Виртуалды зертханалар мен симуляциялар арқылы спорттық жаттығуларды үйрету;
- Онлайн тест және жаттығулар арқылы оқу үдерісін бақылау;
- Форумдар мен онлайн тал-

дың бәрі диагностиканың ажырамас бөлігі.

Бұл үдерістің нәтижесі — әр баланың қабілетін ескеріп, оларға жеке бағдар беру. Оқушыны шабыттандыру, қиындықтарын өңсеруге көмектесу — ұстаз бен психологтың ортақ борышы.

Қорыта айтқанда, бастауыш білімдегі психологиялық-педагогикалық диагностика — жай ғана зерттеу емес, ол — баланың жүрегіне жол табатын, оның болашағына бағыт беретін үлкен тәрбиелік мәні бар үдеріс.

Жазира ЖАНСАИТОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушысы.

қылаулар арқылы коммуникативті құзыреттіліктерді дамыту.

Талдауларда АКТ-ны қолданытын білім беру топтарында дәстүрлі топтарға қарағанда оқушылардың белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу дағдысы, теориялық білімдерін практикада қолдана білуі жоғары болғаны көрсетілген. Өсіресе сыртқы білім берудегі студенттер үшін АКТ негізіндегі материалдар меңгеруге қолайлы жағдай туғызды.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлауда АКТ-ны кеңінен қолдану олардың кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, оқу сапасын, өз бетінше ойлауын, педагогикалық шығармашылығын дамытуға қызмет етеді. АКТ-ны сыртқы білім беруге енгізу үшін төмендегілерді ұсынамыз:

- Жоғары оқу орындарына цифрлық білім беру платформаларын кеңінен енгізу;
- Сандық педагогика бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
- Спорт теориясы мен практикалық жаттығуларға арналған арнайы мобильді қосымшаларды әзірлеу;
- АКТ құралдарын пайдалана отырып, мониторингілеу және бағалау жүйесін жетілдіру.

Фархат НУРМАТОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің дене шынықтыру теориясы кафедрасының доценті.

Тілсіз жау

Табиғат нығметі

СУ — ТІРШІЛІК НӘРІ

Су — біздің өміріміз бен денсаулығымыздың қайнар көзі, ол адамдарға және басқа да тіршілік иелеріне өмір сыйлайды.



Суды қалай сипаттауға болады? Оның дәмі де, түсі де, иісі де жоқ. Біз күн сайын суды пайдаланамыз: қолымызды жуамыз, душ қабылдаймыз, тістерімізді жуамыз және сусын ретінде қолданамыз. Сусыз өсімдіктер, жануарлар және адамдар тіршілік ете алмайды. Ежелгі адамдар өзендердің қасында не үшін қоныстанғанын жақсы түсінеміз. Ол адамдарды ыстықтан сақтап, егін өсіруге көмектескен. Су болмаса адамзат қалай өмір сүретін еді деп ойласақ, мұны елестету өте қиын.

Біз күнделікті тамақта қолданылатын картопта 80 пайыз, алмада 85 пайыз, сәбізде 90 пайыз, балықта 75 пайыз, қиярда 95 пайыз су болады екен. Адам табиғаттан суды таза күйінде алады, ластанған күйде қайтарады. Өзен мен көлдерге, зауыт, фабрика, тұрғын үй-жайлардан сарқынды сулар құйылады. Одан өзен мен көлдегі балық пен басқа жәндіктері қырылып қалады, тіпті адамның шомылуына қауіпті. Тұщы су жер бетінде аз, ал біз оны ластаймыз. Сондықтан елімізде су қоймаларын қорғау туралы арнайы заң бар. Онда қолданылған су өзен мен көлдерге ағызыларда міндетті түрде зиянды қоспалардан тазартылуы тиіс делінген. Су арнайы қондырғылар арқылы тазарты-

лады. Өзен мен көл сулары таза болуы үшін оны қоқыстаран тазарту керек. Құл-қоқысты тастауға болмайды. Суды үнемдеп қолдану да суды қорғауға жа-тады. Атам қазақта, “Судың да сұрауы бар” деген на-қылды тегін айтылмағаны осыдан болар.

Сусыз — тіршілік жоқ. Адам тамақ ішпей айдан астам өмір сүре алады, ал сусыз үш күнге шыдай алмайды. Су барлық өсімдіктер мен жануарлардың ағзасының құрамына кіреді. Адамның тамағына және ішуіне 2-3 литр су қажет. Одан көп қолданса тіпті жақсы.

Қазіргі уақытта, еліміздегі әрбір үй сумен қамтамасыз етілген. Біз қалаған уақытымызда шай қайна-туға, кір жууға немесе үйді тазартуға мүмкіндігіміз бар. Мүмкін осыған байланысты судың қадірін түсінбейтін шығармыз? Біз оны үнем-демейміз, қран шүмегін ұзақ уақытқа ашып қоямыз. Ал Африка тұрғындары су тапшылығынан үлкен зар-дап шегуде.

Әлемнің кейбір мемле-кеттерінде бір тамшы су, алтыннан да құнды. Сондықтан адамдар сусыз өмір жоқ екенін түсініп, оған күрметпен және қамқор-лықпен қарағанын қалаймыз. Табиғат берген нығ-метті сақтап қалайық.

Ө.АЙҚОЖАЕВА

Тілсіз жау

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ

Білім беру ошақтарында оқушыларға өрт қауіпсіздігін түсіндіру маңызды міндет. Мұнда бастысы, педагогтар мен техникалық қызметкерлер өрт қауіпсіздігі ережелерін жақсы білуі тиіс. Ал оқушыларға тұрақты түрде ескерту жұмыстарын, түсіндіру жаттығуларын жүргізудің артықшылығы көп. Сондай-ақ оқушылардың қатысуында эвакуациялау істерін жүргізу оқушылардың санасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету түсінігін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Д.ШЕРАЛИЕВ,
Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары сарайында ӨҚТҰБ-ның аға инспекторы.

ӨЗДІГІНЕН ТУЫНДАМАЙДЫ

Көптеген келеңсіздіктер мен апаттарға әкеп соқтыратын, адам баласын дүние-мүлкінен, үй-жайынан, тіпті туған-туыстарынан айыратын өрт жағдайлары өздігінен болып жатпайды. Ол кейбір азаматтардың айыбымен болып жатады. Келеңсіз жағдайлар отқа ықтиясыздықтың, мас күйінде жатын орында темекі тартудың, ақауы бар газ және электр құрылғыларын ретсіз пайдаланудың немесе көп кездесетін жайттардың бірі, жас балалардың отпен ойнауының нәтижесі саналады.

Ғ.ХАКИМОВ,
“Бунедкор” спорт алаңында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы

ТҮСІНДІРУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Бүгінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің нысандарын, сондай-ақ тұрғын үй қорын өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес жағдайға келтіру барысында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Онда тұрғындарға өрт апатының аянышты салдары жөнінде сұхбаттар, кездесулер ұйымдастырылуда. Онда әрбір азаматтың күнделікті өмірінде, әрбір адымында “тілсіз жауды” сезінуі, одан үнемі ықтият болуы, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелеріне мойынсұнуы қажеттілігі түсіндірілуде.

Ж.ХАЙРИЛЛАЕВ,
Сіргелі аудандық ТЖБ ІІ және НБ-ның аға инспекторы.

